

"Жамбыл облысында меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2012 жылғы 19 шілдедегі № 222 қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 10-8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 16 наурыздағы № 64 бірлескен қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2021 жылғы 16 наурыздағы № 3-9 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 наурызда № 4912 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 50 бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жамбыл облысында меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2012 жылғы 19 шілдедегі № 222 қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 10-8 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1875 болып тіркелген, 2013 жылдың 17 қаңтарында "Ақ жол" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жамбыл облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы"

көрсетілген бірлескен шешімнің қосымшасы осы бірлескен шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың агроөнеркәсіпті дамыту, экология және табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және облыс әкімінің орынбасары Б. Нығмашевқа жүктелсін.

3. Осы нормативтік құқықтық актіге қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына және олардың үлестес тұлғаларына жеке меншікке, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғаларға уақытша жер пайдалану құқығымен берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері бөлігі 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді, ал Қазақстан

Тұрар Рысқұлов	20	1,5	1	20	1,5	1	10	1	1
Талас	40	1,5	1	40	1,5	1	20	1	1
Шу	30	1,5	1	30	1,5	1	15	1	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК